

## ҮКІБАСОВА ҚАЛИЯ АМАНБЕКҚЫЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты



*Үкібасова Қалия Аманбекқызы* 1972 жылы Бөген ауданы, Темірлан ауылында дүниеге келген. 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетін бітірген, 1994-1996 жж. М.О. Әуезов атындағы ШПИ-дің қазақ тілі кафедрасына стажер-машықтанушы; 1996-2008 жж. Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ Қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы; 23.10.2007ж. №8 хаттама негізінде 10.02.02 - «Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің ұлттық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациялық жұмысын сәтті қорғап, Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесі берілді.

2008-2011 жж. АИУ Қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к., 2011-2017 жж. ОҚМПИ Тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к., 2018ж. ОҚМПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., аға оқытушысы, (0,1 сағаттық жүтемемен) қызметін атқаруда.

2016 жж. – ҚР БжҒМ Ұлттық тестілеу орталығы Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы ҚАЗТЕСТ жүйесінің сарапшысы болды.

10.12.2020 ж. ОҚМПУ дың 80 жыл мерейтойының төсбелгісімен және Университетіміздің қоғамдық, тәрбиелік жұмыстарына қосқан үлестері үшін Алғыс хаттар мен Мақтау қағаздарымен марапатталған.

Осы бағытта 80-ге жуық РИНЦ, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік, Республикалық ғылыми-тәжірибелік деңгейдегі ғылыми мақалалар мен Жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын оқыту» Шымкент, 2014. ОҚМПИ баспасы; «Жалпы тіл білімі» «Әлем» баспаханасы. Шымкент қаласы, 2016ж; «Кәсіби қазақ тілі» (биология мамандықтарына арналған) «Әлем» баспаханасы, Шымкент қаласы, 2016ж. атты жарық көрген оқу құралдарының авторы.

Оқу барысында, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» 60 сағат көлемінде, «BILIM-orkenietі» республикалық Қазақстан педагогтарының біліктілігін арттыру орталығынан, «А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан» 72 сағат көлемінде т.б. біліктілікті арттыру курстарынан үздіксіз білім жетілдіруде.

Қ.А.Үкібасова 28 жылдан аса уақыт студенттердің өз бетінше жұмыс жасауына бағыт-бағдар беріп, олардың ғылыми, диплом жұмыстарына жетекшілік жасап, сапалы білім беруде ереңсіз еңбек етіп келеді.